

Шымкент қаласының білім басқармасының «Жас Дарын-2» бастауыш мектебі ЖШС

2025 жылдың 25 қазан күні өткен кезектен тыс педагогикалық кеңестің

хаттамасы

Төрағасы: Б.М. Шеримов

Хатшы: С.Н. Дарханқызы

Қатысқаны: 40

Қатыспағаны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Мектептің мемлекеттік аттестаттауы аясында жүргізілген өзін-өзі бағалаудың қорытындысы туралы.

Тыңдалды:

Мектеп директоры Б.М. Шеримов Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы, Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңының 59-бабы, Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің «Шымкент қалалық білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің» 23.10.2024 ж №634 бұйрығымен таныстырды. Осы бұйрықтарға сәйкес мектептің 2025 жылғы 29 тамыздағы «Мектепті өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы» №103 бұйрығы негізінде білім беру қызметтерінің сапасын көрсету бойынша білім беру ұйымының қызметінің тиімділігін әдіс талдау және өзіндік бағалау мақсатында мектептің өзін-өзі бағалауы 2025 жылдың 02-25 қазан күндері аралығында жүргізілетінін хабарлады.

Өзін-өзі бағалау барысында төмендегі бағыттар қаралды:

- 1) білім беру ұйымдарының мақсаты, міндеттері мен құндылықтары;
- 2) оқыту және білім беру;
- 3) білікті қызметкерлердің болуы;
- 4) қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау;
- 5) білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 6) тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база.

Өзін-өзі бағалау материалдарының қорытынды талдауы 2023-2026 жылдарындағы барлық бағыттар бойынша мектеп қызметін көрсететін бөлімдерге жинақталды. Мектептің өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясы педагогикалық ұйымның ұйымдастырушылық, нормативтік-құқықтық, оқу-әдістемелік, тәрбие жұмысының және кадрмен қамтылу тиімділігіне өзіндік терең талдау жүргізді. Мектептің сараптамалық комиссиясы өзін-өзі бағалау материалдын зерттей келе мынандай қорытындыға келді. Шымкент қаласының білім басқармасының «Жас Дарын-2» бастауыш мектебі ЖШС-нің құқық белгілейтін және құрылтайшылық құжаттары: жарғысы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама, куәліктері бар, рұқсат беру құжаттары бар. Білім беру ұйымының

оқу үдерісі Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың , бастауыш, негізгі орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы талаптарына сәйкес келеді.

Қаулы етті:

1. Мектептің мемлекеттік аттестаттауы аясында жүргізілген өзін-өзі бағалаудың қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.

Төраға:



Б.М. Шеримов

Хатшы:



С.Н. Дарханқызы